

KAZ Minerals PLC

Адам құқықтары жөніндегі саясат

Мақсаты

KAZ Minerals PLC («KAZ Minerals») адам құқықтары еркіндіктің, әділдік пен бейбітшіліктің негізін құрайтын, барлық елде бірдей және кеңінен қолданылатын негізгі құқықтар болып табылатынын мойындайды.

Осы Саясаттың мақсаты қызметіміздің барлық көріністерінде, біз жұмыс істейтін барлық аймақтарда адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Саясат туралы мәлімдеме

KAZ Minerals адамның халықаралық конвенцияларда айқындалған, мойындалған және белгіленген құқықтарын қолдайды. Біз Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген адам құқықтарының халықаралық қағидаттарын басшылыққа аламыз, және БҰҰ-ның бизнес пен адам құқықтары саласындағы Басқару қағидаттарын қабылдаймыз. Әділ түрде жалдау шарттары туралы кодексімізде көрсетілгендей, біз өз қызметкерлерімізді олардың құқықтары сақталатын ортада және жағдайлардағы жұмыспен қамтамасыз етуге міндеттенеміз. Біздің ешбір кәсіпорнымызда заманауи құлдықты немесе еріксіз еңбекті, мәжбүрлі еңбекті, абақтылық еңбекті немесе балалар еңбегін пайдалануға рұқсат етілмейді. Біз еңбек етушілердің негізгі құқықтарын сақтаймыз, тиісті жалақының төленуін және жұмыс уақытын басқаруды жүзеге асырамыз. Қосымша ақпарат алу үшін, біздің «Заманауи құлдық туралы» заңды сақтау туралы өтінішімізді қараңыз.

Біз қызметкерлеріміздің кәсіподақтық немесе өзге ұйымдарға кіруді немесе кірмеуді таңдауда олардың байланыстар еркіндігіне құқығын және жазалау шараларынан, қорқытулар мен қудалаудан қорықпастан, олардың өзара мүдделерін қолдау мақсатында ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтейміз. Біз олардың еркін сайланған өкілдерімен сындарлы диалог орнатуға талпынамыз және мұндай өкілдермен адал ниетпен келіссөздер жүргізуге ниеттіміз.

Біз өз іс-әрекеттеріміздің адам құқықтарына жағымсыз ықпал етпеуіне және мұндай ықпал орын алған болса, оны жоюға тырысамыз. Біз өндірістік қызметімізбен, өнімімізбен немесе іскерлік серіктестерге көрсетілетін қызметтерімізбен байланысты жағымсыз салдарларды болдырмауға және оларды жеңілдетуге талпынатын боламыз. Бізде өзіміз жұмыс істейтін салаларды адам құқықтарының түсінігі мен олардың сақталуын қамтамасыз ету мүмкіндігі бар екендігін мойындаймыз.

Тиісті шараларды қолдана отырып, біз Топ ішінде және іскерлік серіктестеріміздің адам құқықтарын кез келген бұзушылықтарының алдын алуға және жеңілдетуге тырысамыз, және үшінші тараптардан Жеткізушілер жарғысын және Әділ түрде жалдау шарттары туралы кодексті сақтауды талап етеміз.

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы мүдделі тараптармен олардың пікірін ескеретінімізге көз жеткізу үшін өзара әрекеттесеміз және өз қызметіміздің оларға әсер ететінін ұғынамыз. Біз экономикалық мүмкіндіктерді құруға және қызметімізбен байланысты аймақтарда тұратын жергілікті халықпен тату қарым-қатынас орнатуға тырысамыз. Біз тұрғылықты халықтардың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және мәдени мүдделерін және осы мүдделер аясындағы олардың құқықтарын жалпыұлттық және халықаралық заңдарда берілген тұжырымдамалар және анықтамаларға сәйкес мойындаймыз және сақтаймыз, сонымен қатар мәжбүрлі қоныс аударуды болдырмауға тырысамыз.

Біз мүдделі тараптарымыздың әртүрлілігі және ой, сенім, дін, сонымен қатар ерік білдіру бостандығына деген құқықтарын заңда белгіленген шарттарға сәйкес бағалаймыз және заңсыз кемсітушілікке тыйым саламыз.

Топ өз қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен аман-саулығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы барлық қолданыстағы заңдарды сақтауды және үздік халықаралық тәжірибені енгізуді көздейміз. Біз өлім жағдайларының нөлдік көрсеткішіне жетуге тырысамыз. Біз жазатайым оқиғалар тәуекелін және қауіпті өндірістік факторлардың адам денсаулығына әсер етуін барынша төмендету үшін үдерістерді енгіздік.

Осы Саясат тұрақты түрде бақыланады және қайта қаралып отырады.